


**«Қазақстан халқына Жолдауымдағы барлық міндеттерді жүзеге асыруда мен «Нұр Отан» партиясына ерекше орын беремін. Жолдау барлық партия мүшесі үшін іс-қимыл негізі және таяудағы жылдарға арналған бағдарлама болуы тиіс. Кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, адамдарды жұмылдыру, қойылған барлық міндеттерді орындауда біріктіру керек».**

***Н.Ә. НАЗАРБАЕВ***

Нұр Отан

# МАЗМҰНЫ

1. Ұсынымдар 4

2. Инфографикалары бар қысқаша сараптамалық пікірлер 5

3. Үлгілік баяндама тезистері 21

4. Анықтамалық ақпарат 29

5. Ұсынылатын әдебиет пен ғаламтор-ресурстардың тізімі 40

Осы әдістемелік құрал Қазақстан Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» жолдауының негізгі қағидаларын **түсіндіру және насихаттау** мақсатында әзірленді.

Ол Жолдаудың қысқаша сараптамалық пікірлерінен, инфографикадан, үлгілік баяндама тезистері мен анықтамалық ақпараттардан **тұрады**.

Әдістемелік құрал «Нұр Отан» партиясының идеологиялық активі мен ақпараттық насихаттау топтарының ақпараттық-түсіндіру, саяси-бұқаралық және насихаттау жұмысында **қосалқы материал** болып табылады.

**Кездесу форматы мен орны**, сондай-ақ түсіндіру іс-шараларын өткізумен байланысты ұйымдастырушылық сипаттағы басқа да мәселелер алдын ала келісілуі тиіс.

Іс-шараны өткізу үшін ұсынылатын **жалпы уақыт** 40-45 минуттан аспауы тиіс.

Баяндамалар жобасын дайындауда іс-шараны өткізу жоспарланған **ауданның ерекшелігі**, сондай-ақ бағытталатын аудитория ескерілуі керек.

Аймақтағы жағдаймен алдын ала танысып, **болжанатын аудиторияны**: жас мөлшерін, қызығушылық деңгейін, хабардарлық деңгейін, бағытталатын аудиторияның түйткілді мәселелері мен т.б. бағалауы тиіс.

Кездесулерде **сенім мен конструктивті диалог атмосферасын** орната білу керек.

**Сөз басында** жиналғандардың кәсібилігі мен біліктілігіне құрмет білдіріп, олар орындайтын жұмыстың ел мен аймақ үшін маңыздылығы мен құндылығын бағалаған жөн. Бәлкім әлдекімді ерекше атап өту керек болар.

Сөз барысында Жолдаудың қағидаларын **еңбек ұжымының мүдделерімен** байланыстырып отыру керек.

# ИНФОГРАФИКАЛАРЫ БАР ҚЫСҚАША САРАПТАМАЛЫҚ ПІКІРЛЕР

# КІРІСПЕ

Қазақстан Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» жолдауы **әлемдік дағдарыс жағдайындағы еліміздің іс-қимылдарына арналған**.

**«Небәрі ширек ғасырда Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған мемлекет ретінде қалыптасты. Біз бәріміз бірге көптеген сынақтарға төтеп бердік, шыныктық және нығайдық. Біз өзіміздің бүкіл тарихымызда көз көрмеген табысты экономикалық даму қарқынына қол жеткіздік. Біздің халқымыз бұған дейін ешқашан бүгінгідей жақсы өмір сүрген емес».**

***Н.Ә. Назарбаев***

**Бұл дағдарыс күтілген жағдай еді**. Елбасы жаңа толқын жүріп өтетінін бірнеше мәрте айтқан болатын. Сондықтан **алдын ала сақтандыру шараларының кешені қабылданды**. Жолдауда бар сын-қатерлерге байланысты **дағдарыстан шығудың негізгі қадамдары аталған**.

# І. ЖАҢА ЖАҺАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДЫҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

**«Біздің көз алдымызда өзгеше мүмкіндіктері мен тәуекелдері бар жаңа жаһандық нақты ахуал пайда болуда. Бүгінде Қазақстан экономикасына әлемдік рыноктардағы құлдырау туындатқан бірқатар сыртқы факторлар теріс әсерін тигізуде. Жаһандық дағдарыстардың шығу төркіні біздерге байланысты емес. Жаһандық дағдарыстар ықпалынан ешкім де сақтанып қала алмайды».**

***Н.Ә. Назарбаев***

Қазіргі әлемдік ахуал экономикалық және саяси тұрақсыздықты көрсетіп отыр. Жаһандық ауқымдағы қолайсыз жағдай Қазақстанға да ықпалын тигізеді.

## қазіргі әлемдік дамудың 4 СЫН-ҚАТЕРІ:

**1**

**Дағдарыстың жаһандық сипаты.** Қазақстандық экспорттық өнімдерге деген сұраныстың төмендеуіне әкелетін әлемдік нарықтардағы тұрақсыздық

**2**

**Әлемнің барлық экономикаларындағы өсудің баяулауы.** 2011 жылдың күзінен бастап Халықаралық валюталық қор жаһандық ЖІӨ-нің өсу болжамын 6 рет қайта қарап, оны 5-тен 3 пайызға дейін төмендетті.

**3**

**Мұнай табыстарының төмендеуі.**

**4**

**Жаһандық саяси тұрақсыздық.** Дау-дамайлар санының артуы, халықаралық лаңкестік

# II.ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

> **«Тәуелсіз Қазақстан әрдайым сыртқы экономикалық қатерлерге қарсы тұрғыда дамып келген».**
>
> *Н.Ә. Назарбаев*

Қазақстан егемендік алғалы бері бірқатар дағдарыстарды бастан кешірді. Елбасы айтқандай, жаңа тәуелсіз Қазақстан «дағдарысты дәуірде дүниеге келді». Елбасының сарабдал саясатының арқасында біз ол дағдарыстардан сәтті өттік. Екі Дағдарысқа қарсы жоспар әзірленіп, жүзеге асырылды. Осылайша, Қазақстан дағдарысты реттеуде үлкен тәжірибе жинақтады.

## Қазақстан бастан өткізген ДАҒДАРЫСТАР:

### III дағдарыс
2007-2009 жж. әлемдік қаржылық дағдарыс

**Шара:**
- Экономика мен жұмыспен қамту стратегияларын ары қарай жетілдіру
- Ұлттық қордан 600 млрд. тг. жуық қаражат жаңғырту жоспарын жүзеге асыруға жұмсалды
- Республикалық бюджет шығындарын оңтайландыру, бюджеттік қаражаттың пайдаланылуын қатаң бақылау
- Инфрақұрылым салу, қайта жаңғырту және жөндеу.

### II дағдарыс
1997-1998 жж. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржылық дағдарыс

**Шара:**
- «Қазақстан -2030» стратегиясының жүзеге асырылуы
  Астананың салынуы
- Теңгені қорғау бойынша бағдарлама,
  Отандық өндірушіні қорғау бойынша шаралар жүйесі
- Шетелдік инвестицияларды жедел тарту бағдарламасы
  Салықтарды жинау жүйесі күшейтілді

### I дағдарыс
90-шы жылдардың бірінші жартысындағы дағдарыс

**Шара:**
- Ұлттық валютаны енгізу
  Кең ауқымды жекешелендіру
- Экономикаға шетелдік инвестиция, трансұлттық компанияларды тарту
- Шикізаттық салалардың дамуындағы серпін

# САҚТАНДЫРУШЫ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯ

«Жаһандық дағдарыс – ол тек қауіп қана емес, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктер».

*Н.Ә. Назарбаев*

Қазақстан алғаш рет дағдарысқа қарсы алдын алу стратегиясын қабылдауда. Дағдарыстың екінші толқыны бойынша жасалған дұрыс болжам алдын ала қажетті шаралар әзірлеуге мүмкіндік берді. Шикізат экспортына тәуелділікті төмендетуге бағытталған экономикалық дамудың жаңа үлгісі жасалды.

## Дағдарысқа қарсы алдын алу стратегияның НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

- **Индустриалды-инновациялық дамудың екінші бесжылдығы Шикізат ресурстарына тәуелді емес экономика құру. 800-ден астам индустриалды жоба әзірленді.**
- **Инфрақұрылымдық дамудың «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы. Халықаралық валюта еркін бағамға өтті.**
- **«Ұлт жоспары. 5 институционалды реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам».**
- **Ұлттық қор құрылды және алтын-валюталық резервтер жиналды.**
- **Мұнай бағасы ары қарай төмендеген жағдайдағы іс-қимылдардың ойластырылған нұсқалары әзірленді. Дүниежүзілік Банк және Азия Даму Банкі Қазақстанда 2016 жылы экономикалық өсудің жоғары қарқыны болады деп болжады.**
- **Дағдарыс жағдайындағы экономикалық өсудің драйверлері – инновациялық индустрияландыру аясында құрылатын экономиканың жаңа салалары.**
- **Жұмысшылар сапасы жақсартылды Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 60-тан астам пайызға өсті.**

## «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЕКІ ЖЫЛДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ:

**Біріншіден**, Давос экономикалық формуының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі көрсеткіші бойынша Қазақстан 2015 жылы әлем бойынша **42-ші орынды иеленді**.

**Екіншіден**, бизнеске ең оңтайлы жағдай туғызатын елдердің әлемдік рейтингісінде Қазақстан **41-ші орынды иеленді**.

**Үшіншіден**, Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының толық құқылы мүшесіне айналды. Бұл ұлттық экспорттаушылар мен шетелдік инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

# III.БІЗДІҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТЫ СТРАТАГЕМАМЫЗ

«Бүгінде көптеген жайттар Ұлы Қазақстан жолы мен Мәңгілік Ел идеясын бастап отырған өзімізге байланысты. Біздің ұзақ мерзімді, орта мерзімді және таяу болашаққа арналған іс-қимыл стратегияларымыз бар. ... біздің дағдарысқа қарсы басты стратагемамыз үш қарапайым, бірақ маңызды – өсім, реформалар, даму ұғымдарымен үндес».

*Н.Ә. Назарбаев*

## 1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

Жаңа ішкі өсу көздері жеке бастамалардың ашылуы арқылы.

Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 елдерінің қатарына енуі үшін экономика өсімі қарқынын қалпына келтіру.

## 2 РЕФОРМАЛАР

Экономиканың, қоғам мен мемлекетің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша реформалар.

«Ұлт Жоспары. 100 нақты қадам».

Мемлекеттік және корпоративтік менеджментті, қаржылық және фискалды салаларды тереңінен реформалау.

## 3 ДАМУ ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАЛАРЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ЖАҢҒЫРУЫ РЕТІНДЕГІ ДАМУ

Барлық мемлекеттік, қоғамдық және жекеменшік институттарды *Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы*, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың неғұрлым әлсіз топтарына атаулы көмек қағидаларына сәйкес ауқымды қайта құру.

# IV. ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖАҢАРУЛАРДЫҢ БЕС БАҒЫТЫ

1 ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ





2 БЮДЖЕТТІК САЯСАТТЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

3 ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ЫНТАЛАНДЫРУ





4 ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

5 ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ



# БІРІНШІ. ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ

Қаржы секторының теңгенің еркін бағамы жағдайында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету:

- банк секторына жұмыс істемейтін несиелер бойынша **СТРЕСС-ТЕСТІЛЕУ** жүргізу. Қазақстандық банктер барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

- «Долларсыздандыру» құралдарын кеңейту арқылы ұлттық валютаға деген сенімді нығайтуға қол жеткізу

Инфляция деңгейін орташа мерзімді болашақта пайыздық мөлшерлемелерді икемді өзгерту тетігі арқылы **4 %-ға ДЕЙІН** төмендету.



Ұлттық банктегі институттық кемшіліктерді жою – **БІРТҰТАС ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫН, ПРОБЛЕМАЛЫ НЕСИЕЛЕР ҚОРЫН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫН** оның бақылауынан шығару.



Зейнетақы жиналымдарының табыстылығын арттыру мақсатында 2016 жылы **ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ЖЕКЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ НЕМЕСЕ ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ** басқаруына беру.



## Мемлекеттік табыстар және шығыстар жүйесін қайта қарау.

### ТАБЫСТАР БОЙЫНША:

-2017 жылы қазіргі ҚҚС-тың орнына сатудан түсетін салықты енгізу.
-Тиімсіз салықтық жеңілдіктерді алып тастау. Салықтық тәртіптерді 3 деңгейге дейін оңтайландыру: жалпы, дара кәсіпкерлерге арналған патент және шағын және орта бизнеске, сондай-ақ аграрлық секторға арналған арнайы салықтық тәртіп.
-Жария ету шарттарын талдау, және қажет болған жағдайда оның қатысушыларына берілетін кепілдіктерді күшейту.
-2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап кірістер мен шығыстарды жаппай декларациялау күшіне енеді. Одан кейін шетелдегі есепшоттар мен активтерді анықтау бойынша шаралар қабылданатын болады.

### Бюджетті қалыптастырудағы сын-қатерлер:

- Бюджетке түсетін салықтық түсімдер 20%-ға төмендеді.
- ҚҚС төлеу көлемі 25%-ға төмендеді.
- табысқа корпоративтік салық бойынша - 13%-ға төмендеді.

### БЮДЖЕТ

### Сын-қатерлерге жауаптар:

- Ұлттық қор қарадатын қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу.
- ҰҚ қаражаттарын ағымдық шығындарға пайдалануды тоқтату.
- Жалғыз тетік – ҰҚ-дан республикалық бюджетке жыл сайынғы кепілді, бекітілген трансферт.

### ШЫҒЫСТАР БОЙЫНША:

- Барлық бюджеттік бағдарламаларға толықтай тексеру жүргізу және тиімсіз шығыстарды алып тастау.
- Мемлекеттік шығыстар және жеңілдету үшін босату үшін мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетіктерін қолдану.
- Жолдарды, газ құбырларын, ауруханаларды, мектептер мен басқа да нысандарды салу, қайта жаңарту және оларға техникалық қызмет көрсетуге жекеменшік инвесторларды тарту.
Босаған қаражатты халыққа нақты нәтиже әкелетін жобаларға жіберу.

## Бүгінде өсім мен бәсекелестікті не ұстап тұр?

- ✓ **Үлкен мемлекеттік сектор** – 7 мыңнан астап кәсіпорында.
- ✓ ЖІӨ-нің 40%-дан астамын құрайтын – **«Самұрық-Қазына» қорының активтері**, 500-ден астам «немерелер» мен «шөберелер». «ҚазАгро» және «Бәйтерек» холдингтері далиған штаттармен және орасан бюджеттік ресурстармен жеке инвестициялар мен бастамаларды ығыстырып шығарып, бюджет пен банктер арасындағы тиімсіз делдалдарға айналды.

## Іс-қимылдар – Жекешелендіру

- ✓ Мемлекет меншігіндегі барлық ұйымдар, оның ішінде «Самұрық-қазына», «Бәйтерек» және «Қазагро» құрамына кіретін ұйымдар үшін де **жаңа Жекешелендіру бағдарламасын ӘЗІРЛЕУ.** Жекешелендіруден кейін холдингтер ықшам ұйымдарға қайта құрылымдалулары тиіс.
- ✓ «Мемлекеттік мүлік туралы» заң мен Азаматтық кодекстің бірқатар қағидаларын қайта қарау, жекешелендіруге берілмейтін **стратегиялық нысандар тізімін ҚЫСҚАРТУ**.
- ✓ Жекешелендіру **әділетті нарықтық баға** бойынша, ашық және бәсекелі **ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ КЕРЕК**. Шешуші тетіктер – акцияларды қор нарықтарына орналастыру мен ашық аукциондар. Барлық акционерлердің мүлкінен айырылғандардың активтерін сатып алуға деген басым құқықтарын алып тастау.

## Еркін және саламатты бәсеке үшін жағдайлар жасау

- ✓ **Антимонополиялық қызметті КҮШЕЙТУ** – антимонополиялық ведомство туралы мәртебесі мен жұмыс тәртібі нақты регламенттелген жеке заң керек.
- ✓ Экономиканың барлық секторларында **нарықтық баға қалыптастыруға** әрі қарай көшуді **ЖАЛҒАСТЫРУ**. Бағаны жасанды реттеу түрінде нарықтық ынталандыруларға қатысты бұрмалауларды жою қажет.
- ✓ Жеке және заңды тұлғалар үшін **банкроттықтың нақты және түсінікті рәсімдерін ЖАСАУ**. Бәсекелестік саласындағы саясат банкроттық және тиімсіз компанияларды оңалтуды тиімді реттеу үдерістерімен қоян-қолтық жүруі тиіс. .

# ТӨРТІНШІ. ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗДЕРІ

## Таяудағы онжылдықта Қазақстанның алдында тұрған міндеттер:

- ✓ **Экономиканың жыл сайынғы өсімін 5 %** деңгейінде **ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**;
- ✓ **Өңделген тауарлардың экспортын** 2015 жылмен салыстырғанда кем дегенде екі есе **ҰЛҒАЙТЫП**, оны жылына 30 млрд.долларға дейін жеткізу;
- ✓ **Экономикаға жыл сайынғы инвестициялардың** көлемін 10 млрд. доллардан астамға **ҰЛҒАЙТЫП**, тұтастай алғанда 10 жыл ішінде – кем дегенде 100 млрд. долларға жеткізу;
- ✓ 660 мыңнан астам **жаңа жұмыс орындарын** **ҚҰРУ**, еңбек өнімділігін 2 еседен астамға арттыру.

## ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

### 1. Трансұлттық корпорацияларға екпін түсіре отырып, жеке инвестициялар тарту

- ✓ **«Астана» Халықаралық қаржы орталығын** **ҚҰРУ** туралы шешім қабылданды. Ол исламдық қаржыландыру, приват-банкинг және қайта сақтандыру салаларында өңірлік хаб болады.
- ✓ Инвесторларды тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту үшін **Үкіметтік кеңес** **ҚҰРУ**. Өңірлерде жергілікті маңыздағы жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар тартуға қажетті осындай кеңестер құру керек.

### 2. Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыру

- ✓ Экономикалық өсімнің **өңірлік драйверлерін** **ҚАЛЫПТАСТЫРУ**.
- ✓ 6 макроөңірлер – Оңтүстік, Солтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс, Алматы, және Астана үшін **жеке бағдарламалар** **ЖАСАУ**.
- ✓ Кәсіпкерлікті қолдаудың **«Бизнестің жол картасы-2020»** бағдарламасы макроөңірлердің инвестициялық бағдарламаларының **БІР БӨЛІГІ БОЛУЫ ТИІС**.
- ✓ Еңбек ресурстарының жұмылғыштығын жоғарылату бойынша, бірінші кезекте, еңбек күші артық өңірлердің еңбек күші жетіспейтін өңірлерге **миграцияларды ынталандыруға** бағытталған шараларды алдын ала **ҚАРАСТЫРУ**.
- ✓ Макроөңірлер **«Нұрлы Жол» бағдарламасы** шеңберінде құрылатын біртұтас көліктік, логистикалық және коммуникациялық құрылым аясында бірігулері тиіс. Үкіметке аталған бағдарламаларды жүзеге асыру ісін **БЕЛСЕНДІ ЕТЕ ТҮСУ** тапсырылды.
- ✓ Экономикалық конъюнктураны есепке ала отырып, **қаржыландыру көздерін** **ӘРТАРАПТАНДЫРУ**. ҚХР-да ЭксимБанкпен 2,6 миллиард доллар сомасында займ тарту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.
- ✓ «Нұрлы Жол» бағдарламасы жобаларына **жеке капиталды** **ТАРТУ**.

## 3. Инвестицияның өсуі үшін экспорттық табыстарды арттыру

- ✓ Әлемдік және өңірлік рыноктарда **экспорттық тауашаларды** белсендірек **ИГЕРУ**.
- ✓ Жақын жатқан елдердің **экономикалық әлеуеттерін** **ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**.
- ✓ Еуразиялық экономикалық одаққа шешуші өңірлік рыноктармен **еркін сауда туралы келісім** **ЖАСАСУ**.
- ✓ СІМ-ге осы міндеттерді орындау үшін **Қазақстанның шетелдердегі мекемелерінің барлық ресурстарын** **ІСКЕ ҚОСУ**.

## 4. Техникалық және кәсіби білім берудің дамуын инвестициялау

- ✓ **Техникалық кадрлар дайындау жүйесін** **БАРЫНША ДАМЫТУ**.
- ✓ Германиямен, Канадамен, Австралиямен және Сингапурмен **кадрлар дайындау орталығын** бірлесіп **ҚҰРУ**. Олар бүкіл еліміз үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің моделі болады.

## 5. Экономиканың инновациялық әлеуетін арттыруға инвестиция бағыттау

- ✓ **Болашақтың экономикасын** құру үшін **НЕГІЗ ҚАЛАУ**.
- ✓ Смарт-технологиялар, жасанды интеллект, киберфизикалық жүйелер интеграциялары, болашақтың энергетикасы, жобалау және инжиниринг салаларында **біліктілікті** **ДАМЫТУ**.
- ✓ **Тиімді ғылыми-инновациялық жүйе** **ҚҰРУ**. Назарбаев Университеттің «Астана бизнес кампусы» хайтек-паркінің базасы мен Алматыдағы «Алатау» технопаркінде қалыптастырылатын қуатты зерттеу университеттері мен инновациялық кластерлері оның негізіне айналады.
- ✓ Астанада өтетін **ЭКСПО-2017** Халықаралық мамандандырылған көрмесінің әлеуетін энергетикада «жасыл технологияларды» дамытуға **ПАЙДАЛАНУ**.

Президент Жолдауында мемлекеттің жаңа әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға айрықша көңіл бөлінеді. **Атаулы мемлекеттік көмекті оған расында мұқтаж адамдар алулары тиіс, ал еңбекке жарамды халық аянбай еңбек етуі керек**. Қазақстан дамудың жаңа деңгейіне шығуы үшін елдеЖалпыға ортақ еңбек қоғамы құрылуы тиіс.

Жолдауда белгіленген жаңа әлеуметтік саясат елдің әлеуметтік жаңғыруын жүзеге асырудың қисынды жалғасы және келесі кезеңі болып табылады.

**10 жыл** ішінде әлеуметтік салаға бөлінетін мемлекеттік шығыстар **3 есе** өскен.

Әлеуметтік салада және мемлекеттік басқаруда жұмыспен қамтылғандар саны **1,2 миллионнан** астам адамды құрайды.

Мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдерді **1,5 миллионнан** астам азамат алады.

***2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап:***




**4. Жұмыспен қамтудың жаңа жол картасы**

Жергілікті инфрақұрылымды дамыту және елдімекендерді абаттандыру бойынша жобалардың есебінен **еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету**.

**Ауқымды қысқамерзімді кадрларды қайта даярлау мен біліктілікті арттыруды ұйымдастыру**.

Кәсіпкерлікті дамыту үшін **микронесиелендіруді кеңейту**.

«Мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді меңгеруге шақырамын. Жұмысшы мамандықтарын меңгеру керек. Кезінде мен де жұмысшы киімін киюден бастадым, домна пеші от-жалынының жанында тұрдым. Үлгі алыңдар! Жылдар өтеді, бірақ, осы өмірлік тәжірибелерің, сендер қандай өмір жолын таңдап алсаңдар да, міндетті түрде кәделеріңе жарайды».

*Н.Ә. Назарбаев*

## ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ 6 БАҒЫТЫ

1 *Мемлекеттің әлеуметтік саладағы **рөлі** әлсіз қорғалған азаматтарды қолдаумен және адам капиталына инвестицияларды қамтамасыз етумен шектелетін болуы тиіс.*

2 ***Атаулы әлеуметтік қолдау** тек мұқтаж адамдарға, олардың нақты табыстары мен өмір сүру жағдайын бағамдау негізінде, көрсетілетін болады.*



3 *Өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің құрылымдары қайта қарала отырып, **оның түрлі деңгейлері** белгіленеді.*

4 *Еңбек ете алатындарға мемлекеттік қолдау тек олардың **қайта оқуға немесе еңбекпен қамту бағдарламаларына** қатысулары негізінде ұсынылатын болуы тиіс.*

5 *Біз бұған дейін қабылданған бағдарламаларға сәйкес, **білім беру және денсаулық сақтау салаларын жаңғырту** жалғасады.*

6 *2017 ж. бастап жаңа жоба – «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы **басталады**.*

# САЛМАҚТЫ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚЫЗМЕТ

«Қиындықтарды еңсеруде біз жалғыз емеспіз. Өзіміздің салмақты сыртқы саяси қызметімізбен біз бүкіл әлем бойынша көптеген достар таптық. Олар бізді қолдап келеді».

*Н.Ә. Назарбаев*

ҚХР-мен шикізаттық емес сектордағы ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді – құны **$23 млрд**. **40-тан астам жаңа кәсіпорынның** құрылысы

Қазақстан Европалық одақтың стратегиялық еуразиялық әріптесі болып табылады. 2015 жылы **Ұлыбританиямен және Франциямен** жасалған келісімшарттардың жалпы сомасы **$11,5 млрд.** құрады.

**Ресеймен** берік және дәстүрлі ізгі көршілестік қарым-қатынастар және **экономикалық интеграцияның тұрақты дамуы** байқалады

**Жапониямен инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықтың көкжиегі кеңейді**, Қазақстанда автомобильдер өндіру үшін «Тойота» концернінің келуі

**Халықаралық қаржы институттары –** жоғары сенім және **$9млрд.** Көлемдегі қаржылық ресурстарға қолжетімділік.

**Европалық одақпен** тереңдетілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

**Әлемдік қоғамдастықпен** ядросыз әлем үшін, терроризм мен экстремизмге қарсы күресте біргеміз.

Қазақстан **кез келген жанжалдардың** бейбіт жолмен шешілгенін қалайды және осы үшін қолымнан келгеннің бәрін жасайды.

Президент **Түркия және Ресей басшыларын** көп жыл бойы орнап келген достық қарым-қатынастарды қалпына келтіруге шақырды.

# ҚОРЫТЫНДЫ

**«Тұтастай алғанда, Жолдауда ілгерілетіп отырған шаралардың барлығы нақты сипатқа ие және, әдеттегісінше, сенімді қаржыландырумен қамтамасыз етілген»**

***Н.Ә. Назарбаев***

1. 2014-2015 жылдары **шағын және орта бизнестің дамуына 1 триллион теңге** бөлінді.
   - **«Нұрлы жол» бағдарламасының** жобаларына **2,7 триллион теңге** бөлінді.
   - **Халықаралық қаржы ұйымдары** Қазақстанға **2,7 триллион теңге** бөлді.
   - **Қытай Халық Республикасы $2,7 млрд.** мөлшерінде несие берді.
   - **Жолдау жобаларын** жүзеге асыруға **7,2 триллионнан астам теңге** тартылды.
2. 2016 жылдың басынан бастап Ұлт жоспары аясында қабылданған **жаңа заңдар** қолданысқа енеді.
3. Елбасы Жолдауында біздің экономикамызды, мемлекетіміз бен қоғамымызды бекітуге бағытталған **жаңа шаралар** туралы мәлімдеді.
4. Ол барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барлық азаматтарды Отанымыздың игілігі жолындағы ортақ іске бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып жұмылып, аталған Жолдауды жүзеге асыруға белсене қатысуға **шақырды**.

**«Келе жатқан күрделі кезең біз үшін еңсеру кезеңі болады. Біз жаңа жаһандық дағдарысты міндетті түрде жеңеміз. Бұл үшін бізде біртұтас ерік-жігер, халық бірлігінің берік дәстүрлері бар. Біз Қазақстанымызды дамудың жаңа шептеріне шығаратын боламыз!»**

***Н.Ә. Назарбаев***

# ЖОЛДАУ БОЙЫНША ҮЛГІЛІК БАЯНДАМАЛАР ТЕЗИСТЕРІ

**Құрметті кездесуге қатысушылар!**

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім, реформалар, даму» Жолдауында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан халқына Жолдауымдағы барлық міндеттерді жүзеге асыруда мен «Нұр Отан» партиясына ерекше орын беремін. Жолдау барлық партия мүшесі үшін іс-қимыл негізі және таяудағы жылдарға арналған бағдарлама болуы тиіс» деді.

Біз барлығымыз Президенттің командасын құраймыз, оның Стратегиялық бағытын жақтаушыларымыз және барлық мүмкіндіктерімізді Жолдауды жүзеге асыруға толықтай жұмылдыруға міндеттіміз.

Жолдауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев **мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басатынымызға** назар аудартты.

Небәрі ширек ғасырда **Қазақстан** жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған **мемлекет ретінде қалыптасты**. Біз бәріміз бірге көптеген сынақтарға төтеп бердік, шыныңтық және нығайдық.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері **бірқатар дағдарыстарды бастан өткерді** – 90-шы жылдардың бірінші жартысының дағдарысы, 1997-1998 жылдардағы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дағдарыс, 2007-2009 жылдардағы дүниежүзілік қаржылық дағдарыс. Нәтижесінде Қазақстан дағдарысты реттеуде үлкен тәжірибе жинақтады.

Мұның бәрі Қазақстан халқы осы дағдарысты да еңсереді деген **сенім ұялатады**. Ол күтілген дағдарыс болды. Елбасы оның жаңа толқыны айналып соқпай қоймайды деген болатын. Сондықтан **алдын ала сақтандыру шараларының** кешені қабылданды.

Шикізат экспортына тәуелділікті төмендетуге бағытталған экономикалық дамудың жаңа үлгісі әзірленді. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдануда, шағын және орта бизнестің өсуі, ауқымды түрде инвестиция тарту үшін жүйелік жағдайлар жасалуда.

**Сақтандыруды дағдарысқа қарсы стратегияның негізгі элементтері:**

1. Индустриалды-инновациялық дамудың екінші бесжылдығы. Шикізаттық ресурстарға тәуелді емес экономика құру.
2. Инфрақұрылымдық дамудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық валюта еркін бағамға өтті.
3. «Ұлт жоспары. 5 институционалды реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам».
4. Ұлттық қор құрылды және алтын-валюталық резервтер жиналды.
5. Мұнай бағасы ары қарай түскен жағдайдағы іс-қимылдардың ойластырылған нұсқалары әзірленді.
6. Дағдарыс жағдайындағы экономикалық өсудің драйверлері – инновациялық индустриаландыру аясындағы экономиканың жаңа секторлары.
7. Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 60 пайыздан астам өсті.

Осы факторлардың барлығының тиімділігі **«Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың өткен екі жылында** айқын көрінді. Давос экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі көрсеткіші

бойынша Қазақстан 2015 жылы әлем бойынша 42-ші орынды иеленді *(2014 жылы – 50-ші орын)*. Бизнеске ең оңтайлы жағдай туғызатын елдердің әлемдік рейтингісінде Қазақстан 41-ші орынды иеленді. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының толық құқылы мүшесіне айналды. Бұл ұлттық экспорттаушылар мен шетелдік инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

**Құрметті достар!**

Жолдауда дағдарыстан шығудың негізгі қадамдары аталды. Н.Ә. Назарбаев: «Бүгінде көптеген жайттар **Ұлы Қазақстан жолы мен Мәңгілік Ел идеясын** бастап отырған **өзімізге байланысты**. ... біздің **дағдарысқа қарсы басты стратагемамыз** үш қарапайым, бірақ маңызды – өсім, реформалар, даму ұғымдарымен үндес» деп атап өтті.

**Өсу** - Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған отыздығына енуін қамтамасыз ететін көрсеткіштерге жеткізу үшін жеке бастамаларды дамыта отырып, экономикалық өсімнің жаңа ішкі көздерін іске қосу.

**Реформаларды** сөз ете отырып, Елбасы Мемлекеттік және корпоративтік менеджменттің, қаржылық және фискалды секторлардың Ұлт жоспарына сәйкес, ауқымды қайта құрылуларды атап өтеді.

Және **даму** қоғамның барлық салаларын жаңғыртуға, «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамы» қағидаларының бекуіне әкелуі тиіс.

Қазақстан халқы алдында тұрған сын-қатерлерге жауап ретінде Президент келесі бес бағыт бойынша **дағдарысқа қарсы және құрылымдық қайта құрылуларды жүзеге асыру бойынша тапсырма берді**.

**<u>БІРІНШІ. Қаржы секторын тұрақтандыру</u>**

Бұл бағыт бойынша іс-қимылдардың басты міндеті – қаржы жүйесін жылдам тұрақтандыру, оның параметрлері жаңа жаһандық нақты ахуалға сәйкес келуі тиіс.

Бұл тұста бірінші кезекте не ұсынылады?

Қаржы секторының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Мұндағы қағидатты сәт теңгенің еркін бағамы жағдайында экономикалық қызметке өтуге саяды. Ұлттық валютаның бағамына Ұлттық қор қаржылары есебінен шексіз қолдау көрсету тәжірибесіне қайта оралу болмайды. Бұл бейберекетсіздік!

Банк секторын сауықтыру керек. Жұмыс істемейтін несиелер және капиталдандыру мәселесін шеше алмаған банктер қаржы жүйесінен «кетуі» тиіс. Қазақстандық банктер барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келулері тиіс.

«Долларсыздандыру» құралдарын кеңейту арқылы ұлттық валютаға деген сенімді нығайтуға қол жеткізудің маңызы зор. Инфляция деңгейін қатаң бақылау және орташа мерзімді болашақта пайыздық мөлшерлемелерді икемді өзгерту тетігі арқылы 4 пайызға дейін төмендету.

Ұлттық банктегі институттық кемшіліктерді жою үшін Біртұтас Зейнетақы қорын, Проблемалы несиелер қорын және басқа да қаржы институттарын оның бақылауынан шығару керек.

Зейнетақы жинақтарының табыстылығын арттыру мақсатында зейнетақы қаражатын инвестициялау амалдары қайта қаралады. 2016 жылы зейнетақы активтері жекеменшік қазақстандық немесе шетелдік компаниялардың басқаруына берілуі тиіс.

Президент барлық аталған жедел шаралар қабылданғаннан кейін экономиканы ынталандыруға кірісуге болатынын айтты.

**ЕКІНШІ. Бюджеттік саясатты оңтайландыру**

Мұнда басты уәж – «Көрпеге қарап көсілу». Бұл мемлекеттік органдардың және мемлекеттің қатысуы бар ұйымдардың да барлық деңгейлеріне қатысты.

**Бюджеттің жағдайы күрделі**: биыл салықтық түсімдер 20 пайызға төмендейді.

Салықты өсіру – шығар жол емес. Бұл бизнеске қосымша қысым көрсетуді білдіреді және өсу мүмкіндіктерін шектейді. Бюджет шығындарын Ұлттық қор есебінен жабу – көрегендік емес, алдағы жылдарға резервтер болуы тиіс.

Сондықтан Президенттің ұстанымы қағидатты – Ұлттық қор қаржыларын ағымдағы шығындарға пайдалану тоқтатылуы тиіс.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке жыл сайынғы кепілдендірілген, шектеулі трансферт бірден-бір тетік болуы керек. Осы мақсатта аталмыш қаражатты қалыптастыру және пайдалану бойынша **жаңа тұжырымдама** әзірленеді.

Мемлекеттік кірістер және шығыстар жүйесі қайта қаралады. Бюджеттің кіріс базасы қазіргі ҚҚС-тың орнына **сатудан түсетін салықты енгізу** есебінен ұлғайтылатын болады. Тиімсіз салықтық жеңілдіктер алып тасталады, салықтық тәртіптер оңтайландырылады, салық жүйесінің ашықтығы күшейе түседі.

2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап **кірістер мен шығыстарды жаппай декларациялау** күшіне енеді. Одан кейін шетелдегі есепшоттар мен активтерді анықтау бойынша шаралар қабылданатын болады. Сондықтан Президент бұған қатысы барларды тағы да өз активтерін заңдастырып, оларды Қазақстанға қайтаруға шақырды.

Бюджеттік шығыстарды оңтайландыру үшін барлық бюджеттік бағдарламаларға тексеру жүргізіліп, мемлекеттік шығыстар және демеуқаржылар жүйесі қайта қаралады. **Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік** тетіктері белсендірек қолданылып, экономиканың басым салаларына жекеменшік инвестиция құюды көтермелеу бойынша қосымша шаралар жасалады.

Бюджет шығындарын оңтайландырудан босаған барлық қаржы бірінші кезекте халық үшін нақты нәтижелер әкелетін жобаларға бағытталады.

**ҮШІНШІ. Жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру**

Тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін ішкі ресурстарды барынша босатудың маңызы зор. Мұнда **басты құралдар** – кең ауқымды жекешелендіру және бәсекелестікті ұлғайту.

Президент айтып өткендей, үлкен мемлекеттік сектор - 7 мыңнан астам кәсіпорындар бәсекелестікті тежейді. «Самұрық-Қазына» және «ҚазАгро» холдингтері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының орасан зор активтеріне тиімді бақылау жасай алмайды. «Самұрық-Қазына» қорының активтері ІЖӨ-нің 40 пайыздан астамын құрайды. «ҚазАгро» және «Бәйтерек» холдингтері бюджет пен банктер арасындағы тиімсіз делдалдарға айналды. Осылардың бәрі далиған штаттармен және орасан бюджеттік ресурстармен қоса жүреді, сонымен бірге, жеке инвестициялар мен бастамаларды ығыстырып шығаруға апарып соқтырады.

Сондықтан Президент «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң мен Азаматтық кодекстің бірқатар ережелерін қайта қарап, **жекешелендіруге жатпайтын стратегиялық нысандардың санын қысқартуды** тапсырды. Жекешелендірудің жаңа бағдарламасын әзірлеуді тапсырды, оған «Самұрық-Қазына», «Бәйтерек» және «Қазагро» құрамына кіретін кәсіпорындарды қосты. Жекешелендіруден кейін осы үш басқарушы холдингтің бәрі ықшам ұйымдарға қайта құрылымдалатын болуы тиіс.

Сонымен қатар бұл бағытта антимонополиялық саясат, бағаларды реттеу, банкроттық рәсімдерін жеңілдету және кәсіпорындарды оңалту бойынша шаралар жүзеге асырылатын болады.

**ТӨРТІНШІ. Жаңа инвестициялық саясаттың негіздері**

Президент **таяудағы онжылдыққа Қазақстанның экономикалық дамуына келесідей мақсаттар** қойды:

- экономиканың жыл сайынғы өсімін 5 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету;
- өңделген тауарлардың экспортын 2015 жылмен салыстырғанда кем дегенде екі есе ұлғайтып, оны жылына 30 миллиард долларға дейін жеткізу;
- экономикаға жыл сайынғы инвестициялардың көлемін 10 миллиард доллардан астамға ұлғайтып, тұтастай алғанда 10 жыл ішінде – кем дегенде 100 миллиард долларға жеткізу;
- 660 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек өнімділігін 2 еседен астамға арттыру.

Экономиканың өсуін, оның әртараптануын және индустриалдандыру бағдарламасының іске қосылуын жылдамдату үшін **жаңа инвестициялық саясат** жүзеге асырылатын болады. Оның мәні:

1. Басты назар жекеменшік инвестициялар, ең алдымен трансұлттық корпорациялардың капиталдарын тартуға аударылады. Оларға қолайлы орта құруға, атап айтқанда, **«Астана» халықаралық қаржы орталығын** құру туралы шешімге бағытталған. Ол исламдық қаржыландыру, приват-банкинг және қайта сақтандыру саласындағы аймақтық хабқа айналады.

Президент инвесторлармен жұмысты үдету үшін Үкіметтік кеңес құруды, оның ішінде өңірлерде – ұқсас кеңестер құруды тапсырды.

2. Инвестициялық жобалар тікелей өңірлерде жүзеге асатындықтан Президент олардың **инвестициялық тартымдылығын** арттырудың, экономикалық өсімнің өңірлік драйверлерін қалыптастырудың маңыздылығын

атап өтті. 6 макроөңірлер – Оңтүстік, Солтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс, Алматы, және Астана үшін жеке бағдарламалар жасау жоспарлануда.

Ірі өңірлік жобалар аясында шағын және орта бизнес дамиды. «Бизнестің жол картасы – 2020» кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы макроөңірлердің инвестициялық бағдарламаларының бір бөлігіне айналуы тиіс.

Макроөңірлер «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде құрылатын біртұтас көліктік, логистикалық және коммуникациялық құрылым аясында бірігулері тиіс.

3. Президент **ішкі инвестициялаудың өсуі үшін экспорттық табыстарды арттырудың** маңыздылыған ерекше көңіл бөлді. Осы мақсатта әлемдік және өңірлік нарықтардағы экспорттық тауашаларды белсендірек игерген жөн. Бірінші кезекте, бұлар – Қытай, Ресей, Иран, Моңғолия, Үндістан, Пәкістан, Орталық Азия және Кавказ елдері. Аталған елдер жыл сайын 3,5 триллионнан астам доллардың тауарлары мен қызметтерін импорттайды. Ол Еуразиялық экономикалық одаққа шешуші өңірлік нарықтармен еркін сауда туралы келісім жасасу қажеттігін айтты.

4. Инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі **техникалық және кәсіби білім беруді барынша дамыту** болуы тиіс. Бұл үшін Германиямен, Канадамен, Австралиямен және Сингапурмен кадрлар дайындау орталығын бірлесіп құру керек.

5. Инвестицияларды **экономиканың инновациялық әлеуетін көтеруге** жұмсаудың және болашақтың экономикасын құру үшін іргетас қалаудың маңызы ерекше. Тиімді ғылыми-инновациялық жүйе құру. Назарбаев Университеттің «Астана бизнес кампусы» хайтек-паркінің базасы мен Алматыдағы «Алатау» технопаркінде қалыптастырылатын қуатты зерттеу университеттері мен инновациялық кластерлері оның негізіне айналады. Президент Астанада өтетін ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесінің әлеуетін энергетикада «жасыл технологияларды» дамыту үшін тиімді пайдалануды тапсырды.

Қазақстан күшті институттары, білікті, тиімді және болжамды үкіметі бар өңірдегі көшбасшы-елге айналуы тиіс. Бізде озық техникалық кадрлар, әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымдар болуы тиіс, қоғамдық тәртіп пен адамдардың жеке қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек.

## БЕСІНШІ. Жаңа әлеуметтік саясат

Президент Жолдауында мемлекеттің жаңа әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға айрықша назар аударылады. **Атаулы мемлекеттік көмекті оған расында мұқтаж адамдар алулары тиіс, ал еңбекке жарамды халық аянбай еңбек етуі керек.** Қазақстан дамудың жаңа деңгейіне шығуы үшін елде Жалпыға ортақ еңбек қоғамы құрылуы тиіс.

Жолдауда белгіленген жаңа әлеуметтік саясат елдің әлеуметтік жаңғыруын жүзеге асырудың қисынды жалғасы және келесі кезеңі болып табылады.

- 10 жыл ішінде әлеуметтік салаға бөлінетін мемлекеттік шығыстар **3 есеге** өскен.

- Әлеуметтік салада және мемлекеттік басқаруда жұмыспен қамтылғандар саны **1,2 миллионнан** астам адамды құрайды.
- Мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдерді **1,5 миллионнан астам** азамат алады.

**Жолдауда халықты әлеуметтік қолдаудың келесідей шаралары белгіленген.**

***Біріншіден, жалақыны көтеру.*** 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне жалақы – орташа 28 % дейін, білім беру саласына - 29 % дейін, әлеуметтік қорғау - 40 % дейін көтеріледі, 2016 жылы – «Б» корпусының мемлекеттік қызметкерлерінің жалақысы - 30 %-ға көтеріледі.

***Екіншіден, әлеуметтік төлемдер мен шәкіртақылар мөлшерін арттыру.***

2016 жылы мүгедектік пен асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ шәкіртақылар 25%-ға көтерілетін болады.

***Үшіншіден, ортақ зейнетақы индекстеледі.***

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап ортақ зейнетақы инфляция деңгейінен 2 %-ға озып индекстеледі.

***Төртіншіден, Жұмыспен қамтудың жаңа жол картасы әзірленеді.***

Ол бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- Жергілікті инфрақұрылымды дамыту және елдімекендерді абаттандыру бойынша жобалардың есебінен еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету.
- Ауқымды қысқамерзімді кадрларды қайта даярлау мен біліктілікті арттыруды ұйымдастыру.
- Кәсіпкерлікті дамыту үшін микронесиелендіруді кеңейту.
- 2017 жылдан бастап жаңа жоба – «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы басталады.

Осы тұста Елбасы: «Мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді меңгеруге шақырамын. Жұмысшы мамандықтарын меңгеру керек. Кезінде мен де жұмысшы киімін киюден бастадым, домна пеші от-жалынының жанында тұрдым. Үлгі алыңдар! Жылдар өтеді, бірақ, осы өмірлік тәжірибелерің, сендер қандай өмір жолын таңдап алсаңдар да, міндетті түрде кәделеріңе жарайды», - деді.

Жолдауда Елбасы «Қиындықтарды еңсеруде біз жалғыз емеспіз. Өзіміздің **салмақты сыртқы саяси қызметімізбен** біз бүкіл әлем бойынша көптеген достар таптық. Олар бізді қолдап келеді», - деді.

Елбасының сапарларының және әлемнің жетекші елдерінің көшбасшыларымен келіссөздерімнің нәтижесінде ҚХР-мен 23 миллиард долларға шикізаттық емес сектордағы ынтымақтастық және 40-тан астам жаңа кәсіпорынның құрылысы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Жапониямен инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықтың көкжиегі кеңейді, бізге тұңғыш рет «Тойота» концерні келіп, Қазақстанда автомобильдер шығарады. Қазақстан Еуропалық одақтың стратегиялық еуразиялық әріптесі болып табылады. 2015 жылы Ұлыбританиямен және Франциямен жасалған

келісімшарттардың жалпы сомасы $11,5 млрд. құрады. Сонымен қатар, Қазақстан Халықаралық қаржы институттарының жоғары сеніміне ие болып, олар 9 миллиард доллар көлеміндегі қаржылық ресурс ұсынады.

Қазақстан әлемдік қоғамдастықпен ядросыз әлем үшін, терроризм мен экстремизмге қарсы күресте бірге, жанжалдардың бейбіт жолмен шешілгенін қалайды және осы үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.

Ресейлік ұшақпен болған қайғылы жағдайға байланысты Елбасы Түркия мен Ресей басшыларын көптеген жылдар бойы орнап келген қарым-қатынастарын қалпына келтіруге шақырды.

**Қадірлі достар!**

Жолдауының соңында Елбасы келесідей **қорытындылар** жасады**:**

1. «**Тұтастай алғанда, Жолдауда ілгерілетіп отырған шаралардың барлығы нақты сипатқа ие және, әдеттегісінше, сенімді қаржыландырумен қамтамасыз етілген**». Осы Жолдаудың жобаларын жүзеге асыруға **7,2 триллионнан** астам теңге тартылады.

2. 2016 жылдың басынан бастап Ұлт жоспары аясында қабылданған **жаңа заңдар** қабылданады.

3. Елбасы мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамды біздің экономикамызды, мемлекетіміз бен қоғамымызды нығайтуға арналған Жолдаудағы жаңа шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға шақырды.

Ол барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барлық азаматтарды Отанымыздың игілігі жолындағы ортақ іске бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып жұмылып, аталған Жолдауды жүзеге асыруға белсене қатысуға шақырды.

Н.Ә. Назарбаев: «Келе жатқан күрделі кезең біз үшін **еңсеру кезеңі** болады. Біз жаңа жаһандық дағдарысты міндетті түрде жеңеміз. Бұл үшін бізде біртұтас ерік-жігер, халық бірлігінің берік дәстүрлері бар. Біз Қазақстанымызды дамудың жаңа шептеріне шығаратын боламыз!»

**Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.**

# АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

**Қазақстан** **№ 1 кесте**
( 23.11.2015 ж. жай-күй бойынша)

| № п/п | | 2005ж. | 2007ж. |
|---|---|---|---|
| 1. | **Халық саны,** *мың адам* | **15219,3** | **15571,5** |
| | Өткен жылы, ал 2015 жж. жыл басына қарай, % | 101,0 | 101,1 |
| 1.1 | **қала халқының саны** мың адам. | **8696,5** | **8265,9** |
| | Қала халқының меншікті үлесі, | 57,1 | 53,1 |
| 1.2 | % **ауыл халқының саны** мың адам. | **6522,8** | **7305,6** |
| | Ауыл халқының меншікті салмағы, % | 42,9 | 46,9 |
| *1.2.1* | *Сыртқы көші-қон сальдосы +,- адам* | *22668* | *10962* |
| ***1.3*** | ***Орташа жылдық (ор. тоқс.) халық саны,*** *мың адам* | ***15147,0*** | **15481,2** |
| ***1.4*** | *1000 адамға шаққандағы* ***халықтың табиғи өсім коэф., %*** | ***8,0*** | ***10,6*** |
| ***1.5*** | ***Туудың жиынтық коэффициенті ТЖК, %*** | ***2,2*** | ***2,5*** |
| ***2*** | ***Жұмыспен қамтылғандардың орт. жылд. саны,*** *мың адам.* | ***7261,0*** | ***7631,1*** |
| ***2.1*** | ***Жұмыссыздық деңгейі, %*** | ***8,1*** | ***7,3*** |
| ***3*** | ***Орташа айлық номиналды жалақы, теңге*** | ***34066*** | ***52479*** |
| *3.1* | ***АҚШ доллары эквивалентіндегі о/а номиналды жалақы*** | *256,37* | *428,22* |
| ***4*** | ***1 зейнеткерге шаққандағы тағайындалған зейнетақының о/а мөлшері, тг*** | ***9061*** | ***10654*** |
| *4.1* | *Орта айлық пенсия мөлшері АҚШ долларында* | *68,18* | *86,94* |
| *4.2* | *Зейнеткерлердің орт. жылдық саны, мың адам* | *1645,0* | *1637,1* |
| *4.2.1* | ***1 зейнеткерге шаққандағы жұмыс істейтіндер саны****, ад.* | *4,4* | *4,7* |
| 5 | **ЖІӨ,** (ағымдағы жыл бағасымен) **млрд. теңге** | **7590,6** | **12849,8** |
| | **млрд. АҚШ доллар** (ресми ораташажылдык теңге көрсеткіші) | 57,124 | 104,854 |
| **5.1** | **ФКИ** өткен жылдың сәйкес кезеңіне (салыст баға теңгемен), **%** | **109,7** | **108,9** |
| ***5.2*** | ***Жан басына шаққандағы ЖІӨ теңгемен*** | ***501127,5*** | ***829865,3*** |
| ***5.3*** | ***Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долларында*** | ***3771,3*** | ***6771,6*** |
| | ***Доллар: ФКИ өткен жылға (теңгеде), %*** | *108,7* | *115,5* |
| *5.4* | ***ССБ бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл.*** | *9419* | *13172* |
| ***5.5*** | ***Экономикадағы жұмыс істеушіге шаққандағы ЖІӨ, мың теңге*** | ***1045,4*** | ***1683,9*** |
| ***5.6*** | (экономикадағы жұмыс істеушіге шаұғандағы еңбек өнімділігі), АҚШ долл. | *7867,2* | *13740,5* |
| ***5.7*** | **Еңбек өнімділігінің индексі (теңгеде), %** | ***109,1*** | ***107,5*** |
| 6 | **Сыртқы сауда айналымы,** *млн. АҚШ долларымен* | **45201,5** | **80511,7** |
| | ФКИ өткен жылдың сәйкес кезеңіне, % | 137,5 | 130,0 |
| | ЖІӨ-ге, % | 81,0 | 78,6 |
| **6.1** | **Экспорт** *млн. АҚШ долларымен* | **27849,0** | **47755,3** |
| **6.2** | **Импорт** *млн. АҚШ долларымен* | **17352,5** | **32756,4** |
| | *Сауда сальдосы +, -* | +10497,0 | +14998,9 |
| | *Экспорт ЖІӨ-ге, %* | 49,5 | 46,6 |
| | *Импорт ЖІӨ-ге, %* | 31,5 | 32,1 |
| ***6.3*** | ***Сыртқы сауда айналымы. КО аясында,*** *млн. АҚШ долларымен* | ***9753,5*** | ***16811,3*** |
| | ФКИ өткен жылдың сәйкес кезеңіне, ***%*** | *124,0* | *127,7* |
| ***6.3.1*** | ***Экспорт*** | ***12953,7*** | ***4778,4*** |
| | ФКИ өткен жылдың сәйкес кезеңіне, *%* | *103,4* | *125,9* |
| ***6.3.2*** | ***Импорт*** | ***6799,3*** | ***12022,9*** |
| | ФКИ өткен жылдың сәйкес кезеңіне, *%* | *137,2* | *128,5* |
| | ***Сауда сальдосы +, -*** | ***-3845,6*** | ***-7234,5*** |
| 7 | **Төлем балансының сальдосы (ағымдағы шот)** *млн.долл.+.-* | **-1036,0** | **-8372,3** |
| 8 | **Теңгенің ресми айырбастау бағамы** *(1долл. үшін Т о/ж б)* ***Теңгенің*** | **132,88** | **122,55** |
| ***8.1*** | ***биржалық айырбастау бағамы*** *(1 доллар үшін теңге США)* | ***133,77*** | ***120,30*** |
| 8.1.1 | о/ж (ресми) теңге бағамы ревальвация (+), девальвация (-), % % | +2,37 | +2,71 |
| **8.2** | Теңгенің Еуроға бағамы (**EUR/KZT**), 2015 ж тоқ. бой., теңге | 165,42 | 167,75 |
| **8.3** | Теңгенің рубльге бағамы (**RUB/KZT**), 2015 ж тоқ. бой., теңге | 4,70 | 4,79 |
| **8.4** | Теңгенің юаньға бағамы (**CNY/KZT**), 2015 ж тоқ. бой, теңге | 16,23 | 16,11 |

| 2009ж. | 2010ж. | 2013ж. | 2014ж. | 01-03 2015ж. | 01-06 2015ж. | 01-09. 2015ж. | 01-10. 2015ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **16203,0** | **16440,1** | **17160,8** | **17417,7** | **17476,1** | **17541,2** | **17608,2** | **17630,7** |
| 101,4 | 101,5 | 101,5 | 101,5 | 100,3 | 100,7 | 101,1 | 101,2 |
| **8819,3** | **8973,2** | **9433,5** | **9863,1** | **9916,6** | **9967,2** | **10018,4** | **10036,2** |
| 54,4 | 54,6 | 55,0 | 56,6 | 56,7 | 56,8 | 56,9 | 56,9 |
| **7383,7** | **7466,7** | **7727,3** | **7554,6** | **7559,6** | **7574,0** | **7589,8** | **7594,5** |
| 45,6 | 45,4 | 45,0 | 43,4 | 43,3 | 43,2 | 43,1 | 43,1 |
| *7502* | *15465* | *-279* | *-12162* | *-351* | *-3634* | *-10319* | *-11875* |
| ***16093,5*** | ***16321,5*** | ***17037,5*** | ***17289,1*** | ***17446,9*** | ***17479,5*** | ***17512,9*** | ***17524,2*** |
| ***13,3*** | ***13,6*** | ***14,7*** | ***15,5*** | ***13,61*** | ***15,26*** | ***15,62*** | ***15,62*** |
| ***2,6*** | ***2,60*** | ***2,64*** | ***2,76*** | * | * | * | * |
| ***7903,4*** | ***8114,2*** | ***8570,6*** | ***8510,0*** | ***8635,7*** | ***8605,5*** | ***8529,5*** | ***8514,6*** |
| ***6,6*** | ***5,8*** | ***5,2*** | *5,0* | ***5,0*** | ***5,0*** | ***4,9*** | ***4,9*** |
| ***67333*** | ***77611*** | ***109141*** | ***121021*** | ***118638*** | ***119837*** | ***122110*** | ***122504*** |
| *455,49* | *526,71* | *717,42* | *675,38* | *645,54* | *645,15* | *624,38* | *520,05* |
| ***17090*** | ***21238*** | ***31918*** | ***35499*** | ***36068*** | ***39101*** | * | * |
| *115,86* | *144,13* | *209,81* | *198,11* | *195,34* | *210,50* | * | * |
| *1640,5* | *1662,9* | *1863,6* | *1918,5* | *1795,3* | *1828,2* | * | * |
| *4,8* | *4,9* | *4,6* | *4,4* | *4,8* | *4,7* | * | * |
| **17007,6** | **21815,5** | **35275,2** | **39040,9** | **8248,0** | **17091,3** | **27748,6** | * |
| 115,306 | 148,052 | 231,875 | 217,874 | 44,671 | 92,012 | 141,886 | * |
| **101,2** | **107,3** | **106,0** | **104,4** | **102,3** | **101,7** | **101,0** | * |
| ***1056855*** | ***1336605*** | ***2070712,*** | ***2258105,*** | - | - | - | - |
| ***7165,1*** | ***9071,0*** | ***13611,5*** | ***12601,7*** | - | - | - | - |
| *98,6* | *105,8* | *104,5* | *109,0* | - | - | - | - |
| *17173* | *16230* | *23038* | *24020* | - | *12424* | - | - |
| ***2152,0*** | ***2651,2*** | ***4115,8*** | ***4587,6*** | - | - | - | - |
| *14589,8* | *18084,9* | *27054,7* | *25602,1* | - | - | - | - |
| ***100,2*** | ***103,4*** | ***104,9*** | ***103,4*** | ***102,1*** | ***102,6*** | ***103,4*** | * |
| **71604,4** | **91397,5** | **133506,0** | **119450,6** | **19122,8** | **39522,1** | **58878,2** | * |
| 65,6 | 127,6 | 100,5 | 89,5 | 61,9 | 63,9 | 63,6 | * |
| 66,4 | 61,2 | 57,5 | 54,8 | 42,8 | 43,0 | 41,5 | * |
| **43195,7** | **60270,8** | **84700,4** | **78237,8** | **11939,1** | **24059,3** | **35733,2** | * |
| **28408,7** | **31126,7** | **48805,6** | **41212,8** | **7183,7** | **15462,8** | **23145,0** | * |
| +14787,0 | +29144,1 | +35894,8 | +37025,0 | +4577,4 | +8596,5 | +12588,2 | * |
| 39,5 | 40,7 | 36,5 | 35,9 | 26,8 | 26,1 | 25,2 | * |
| 26,1 | 21,0 | 21,0 | 18,9 | 16,1 | 16,8 | 16,3 | * |
| ***12865,3*** | ***18839,2*** | ***54603,7*** | ***19665,2*** | ***3430,1*** | ***7805,9*** | ***12120,6*** | * |
| *62,9* | *146,4* | *103,0* | *79,9* | *79,1* | *79,0* | *74,2* | * |
| ***3601,7*** | ***6051,8*** | ***5933,6*** | ***5207,3*** | ***901,6*** | ***2351,1*** | ***3835,5*** | * |
| *56,3* | *168,0* | *95,3* | *87,3* | *68,9* | *73,2* | *70,8* | * |
| ***9263,6*** | ***12787,4*** | ***18670,1*** | ***14457,9*** | ***2528,5*** | ***5454,8*** | ***8285,1*** | * |
| *64,6* | *138,0* | *105,7* | *77,4* | *83,5* | *81,8* | *75,9* | * |
| ***-5661,9*** | ***-6735,6*** | ***-12736,5*** | ***-9250,6*** | ***-1626,9*** | ***-2923,7*** | ***-4449,6*** | * |
| **-4120,8** | **+1385,7** | **+858,0** | **+5994,0** | **-38,7** | **-2191,6** | ***-4041,8**** | * |
| **147,50** | **147,35** | **152,13** | **179,19** | **184,64** | **185,25** | **195,57** | **235,56** |
| ***148,46*** | ***147,50*** | **154,06** | **182,35** | **185,65** | **186,20** | **270,89** | **279,18** |
| -22,6 | +0,1 | -2,0 | -17,8 | -3,0 | -3,6 | -9,1 | -23,9 |
| 205,67 | 195,67 | 202,09 | 238,10 | 208,32 | 206,78 | 303,47 | 309,12** |
| 4,66 | 4,85 | 4,78 | 4,76 | 3,21 | 3,37 | 4,09 | 4,47** |
| 21,59 | 21,77 | 24,75 | 29,08 | 29,91 | 29,99 | 42,5 | 48,10** |

| № п/п | | 200ж. | 2007ж. |
|---|---|---|---|
| **9** | **Ақшалай агрегаттар: М2, млрд. теңге** | **1516,0** | **3553,6** |
| 9.1 | **ЖІӨ-ге** (экономиканың монетизациясы), **%** | **20,0** | **27,7** |
| ***9.2*** | ***Ақшалай салмақ М3, млрд. теңге*** | ***2065*** | ***4629,8*** |
| ***9.4*** | ***ЖІӨ-ге (экономика монетизациясы коэффциенті), %*** | ***27,7*** | ***36,0*** |
| | *ФКИ өткен жылға, кезеңге, 2015 ж, жыл басына, %* | *125,2* | *125,9* |
| **10** | **Тұтынушылық баға индексі** (*жылдық*),*%* | **107,5** | **118,8** |
| ***10.1*** | ***Инфляция*** *жыл іш., 2015 ж. жыл басынан (ө/ж желтоқ.),* | ***7,5*** | ***18,8*** |
| 10.2 | Өткен жылдың сәйкес кезеңіне, % | 107,6 | 110,8 |
| **11** | **Мемлекеттік бюджет: Кірістер**, *млрд. теңге* | **2098,5** | **2887,8** |
| **11.1** | *өткен жылдың сәйкес кезеңдеріне, %* | *163,0* | *123,5* |
| 11.1.1 | Оның ішінде салықтық түсімдер | **1998,0** | **2356,0** |
| 11.1.2 | *өткен жылдың сәйкес кезеңдеріне,* | *168,4* | *106,6* |
| **11.2** | **Шығыстар** (шығындар + *несиелер және қар.) млрд. теңге* | **2051,8** | **3103,2** |
| | *өткен жылдың сәйкес кезеңдеріне, %* | *157,2* | *137,5* |
| **11.2.1** | ***АҚШ долларындағы шығыстар, млрд. АҚШ доллары*** | ***15,441*** | *25,321* |
| **11.3** | **Тапшылық (-), пайда (+),** *млрд. теңге* | **+46,7** | **- 215,3** |
| 11.4 | *ЖІӨ-ге, %: Кірістер (ҰҚ-дан трансферттерді қосқанда)* | *27,6* | *22,5* |
| 11.5 | *Шығыстар* | *27,0* | *24,5* |
| 11.6 | *Тапшылық (-), пайда (+)* | *+0,6* | *- 1,7* |
| **12** | **Негізгі капиталға инвестициялар,** млрд. теңге | **2420,9** | **3392,1** |
| **12.1** | **Тікелей шетелдік инв. жалпы ағыны, млрд. долл.** | **7,916** | **19,418** |
| 12.1.1 | *ЖІӨ-ге, %* | *13,8* | *18,5* |
| **13** | **Сыртқы қарыз, млрд. АҚШ доллары** | **43,428** | **96,893** |
| | өткен жылға, 2015 ж жыл басына, % | 132,8 | 130,9 |
| | ЖІӨ-ге, % | 76,0 | 92,4 |
| **14** | **ҚҰБ алтын валюталық резервтері,** млрд. АҚШ долл. | **7,069** | **17,629** |
| | ЖІӨ-ге, % | 12,4 | 16,8 |
| **15** | **Ұлттық қор** млрд. АҚШ долл. | **8,074** | **21,006** |
| **16** | **Барлық халықаралық резервтер,** млрд. АҚШ долл. | **15,143** | **38,635** |
| | *Халықаралық резервтер импортқа, %* | *87,2* | *117,9* |
| | ***ЖІӨ-ге, %*** | ***26,5*** | ***36,8*** |
| | *өткен жылға,* 2015 ж жыл басына, *%* | *105,1* | *116,3* |
| **17** | **ЕДБ салымдар, (резиденттер + резидент еместер):** ***млрд. теңге*** | **2523,1** | **6424,0** |
| | *Долларлық баламада, млрд. АҚШ доллары* | *18,988* | *52,419* |
| | ***теңге:*** *ЖІӨ-ге, %* | 33,2 | 50,0 |
| | *өткен жылға,* 2015 ж жыл басына, *%.* | 156,9 | 136,2 |
| | ***доллар:*** *АҚШ долларымен салымдар, млрд. доллар* | | |
| **17.1** | ***соның ішінде:ҚР халқының депозиттері (резиденттер), млрд. теңге*** | **498,7** | **1257,8** |
| | ***АҚШ долларында, млрд. АҚШ доллары*** | 3,753 | 10,264 |
| | ***теңге:*** *өткен жылға,* 2015 ж жыл басына, *%* | 132,8 | 142,8 |
| | ***доллар:*** *АҚШ долларымен салымдар,* млрд. АҚШ долл. | 247,9 | 499,8 |
| | **Салымдардың жалпы көлеміндегі долларлық салымдар үлесі, %** | **49,7** | **39,7** |
| **18** | **ЕДБ несиелері (қарыз қоржыны) барлығы** млрд. теңге | **3062,0** | **8868,3** |
| 18.1 | **теңге:** өткен жылға, 2015 ж жыл басына, *%* | 168,9 | 158,6 |
| 18.2 | **Төлемі кешіктірілген несиелер** | 163,8 | 411,8 |
| 18.2.1 | ЕДБ қарыз қоржынындағы несиелер үлесі | 5,3 | 4,6 |

| 2009ж. | 2010ж. | 2013ж. | 2014ж. | 01-03 2015ж. | 01-06 2015ж. | 01-09. 2015ж. | 01-10. 2015ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **5335,2<br>31,4** | **6570,1<br>30,1** | **8677,3<br>24,6** | **7967,7<br>20,4** | **7792,7<br>18,5** | **8545,2<br>20,7** | **8430,7<br>20,4** | **8496,4<br>20,6** |
| ***7487,3***<br>***44,0***<br>*119,5* | ***8482,8***<br>***38,9***<br>*113,2* | ***11598,1***<br>***32,9***<br>*110,2* | ***12816,6***<br>***32,8***<br>*110,5* | ***12322,1***<br>***29,9***<br>*96,1* | ***13103,6***<br>***31,7***<br>*102,2* | ***15495,0***<br>***37,5***<br>*120,9* | ***15775,3***<br>***38,2***<br>*123,1* |
| **106,2**<br>***6,2***<br>107,3 | **107,8**<br>***7,8***<br>107,1 | **104,8**<br>***4,8***<br>105,8 | **107,4**<br>***7,4***<br>107,4 | **101,1**<br>***1,1***<br>*105,2* | **101,5**<br>***1,5***<br>*103,9* | **102,9**<br>***2,9***<br>*104,8* | **112,3****<br>***12,3*****<br>*112,8*** |
| **3505,3**<br>*86,8*<br>**2228,7**<br>*79,0*<br>**3998,0**<br>*91,6*<br>***27,105***<br>**-492,7**<br>*20,6*<br>*23,5*<br>*-2,9* | **4299,1**<br>*122,6*<br>**2934,1**<br>*131,2*<br>**4826,4**<br>*120,7*<br>***32,755***<br>**-527,3**<br>*19,9*<br>*22,2*<br>*-2,4* | **6382,4**<br>*109,8*<br>**4779,0**<br>*116,7*<br>**7083,3**<br>*105,7*<br>***46,561***<br>**-700,9**<br>*18,1*<br>*20,1*<br>*-2,0* | **7321,3**<br>114,7<br>**5321,3**<br>*111,3*<br>**8408,0**<br>*118,7*<br>***46,922***<br>**-1086,7**<br>*18,8*<br>*21,5*<br>*-2,8* | **1763,4**<br>*101,3*<br>**1007,5**<br>*88,7*<br>**1778,5**<br>*<br>***9,632***<br>**-15,1**<br>*21,4*<br>*21,6*<br>*-0,2* | **4021,5**<br>*106,9*<br>**2017,5**<br>*85,8*<br>**3947,0**<br>*<br>**21,248**<br>**+12,4**<br>*23,5*<br>*23,1*<br>*+0,07* | **5380,7**<br>*99,8*<br>**3169,8**<br>*87,8*<br>**6083,6**<br>*<br>**31110,7**<br>**-702,9**<br>*19,3*<br>*21,9*<br>*-2,5* | *<br>*<br>*<br>*<br>*<br>*<br><br>*<br>*<br>*<br>* |
| **4585,3**<br>**21,437**<br>*18,6* | **4653,5**<br>**22,246**<br>*15,0* | **6072,7**<br>**24,098**<br>*9,0* | **6574,7**<br>**23,711**<br>*10,9* | **969,9**<br>**4,385**<br>*9,8* | **3319,3**<br>**7464,4**<br>*8,1* | **4664,0**<br>*<br>* | **5320,2**<br>*<br>* |
| **112,867**<br>104,6<br>98,3 | **118,223**<br>104,7<br>79,9 | **149,150**<br>108,9<br>64,3 | **157,423**<br>105,5<br>72,2 | **154,321**<br>98,0<br>69,1 | **155,239**<br>98,6<br>69,5 | *<br>*<br>* | *<br>*<br>* |
| **23,218**<br>20,1 | **28,291**<br>19,2 | **24,678**<br>10,6 | **29,209**<br>13,4 | **29,120**<br>13,0 | **28,891**<br>13,0 | **28,201**<br>12,6 | **28,473**<br>12,8 |
| **24,368** | **30,578** | **70,544** | **73,243** | **69,739** | **69,028** | **67,922** | **63,882** |
| **47,586**<br>*167,5*<br>***41,3***<br>*100,5* | **58,869**<br>*197,8*<br>***39,1***<br>*123,7* | **95,222**<br>*194,8*<br>***41,1***<br>*110,7* | **102,481**<br>*248,7*<br>***47,0***<br>*107,6* | **98,859**<br>*284,9*<br>***44,2***<br>*96,5* | **97,919**<br>*282,2*<br>***43,8***<br>*95,5* | **96,123**<br>*277,3*<br>***43,0***<br>*93,7* | **92,355**<br>*<br>***41,4***<br>*90,1* |
| **7799,4**<br>*52,877*<br>45,9<br>***92,6***<br><br>**1648,2**<br>11,174<br>130,4<br>987,8<br>**59,9** | **6850,6**<br>*46,492*<br>31,4<br>***87,8***<br>**2557,7**<br>**1926,4**<br>13,074<br>116,9<br>918,9<br>**47,7** | **9844,9**<br>*64,713*<br>27,9<br>115,4<br>**3771,7**<br>**2964,8**<br>19,489<br>100,8<br>1656,1<br>**48,2** | **11694,0**<br>*65,260*<br>30,0<br>118,8<br>**6494,9**<br>**3931,7**<br>21,942<br>132,6<br>2861,5<br>**72,8** | **11285,0**<br>*61,119*<br>25,9<br>96,5<br>**6013,7**<br>**3816,3**<br>20,669<br>97,1<br>2742,7<br>**71,9** | **11939,2**<br>*64,388*<br>29,0<br>102,3<br>**6005,8**<br>**3843,2**<br>20,690<br>99,7<br>2773,6<br>**72,1** | **14295,0**<br>*73094,0*<br>34,6<br>122,2<br>**9117,7**<br>**5193,2**<br>26,554<br>132,1<br>4177,5<br>**80,4** | **14575,7**<br>*61,868*<br>35,3<br>124,7<br>**9606,1**<br>**5351,0**<br>22,716<br>136,1<br>4335,9<br>**81,0** |
| **9643,2**<br>104,3<br>3635,4<br>37,7 | **9066,0**<br>94,0<br>3515,3<br>36,5 | **13348,2**<br>114,5<br>4343,9<br>32,5 | **14184,8**<br>106,3<br>3573,9<br>25,2 | **14133,2**<br>99,7<br>3590,5<br>25,4 | **12503,9**<br>88,2<br>2049,3<br>16,4 | **14350,1**<br>101,1<br>2250,9<br>15,6 | **14491,8**<br>102,2<br>1354,3<br>9,35 |

| № п/п | | 2005ж. | 2007ж. |
|---|---|---|---|
| **18.2**<br>18.2.1<br>18.2.2 | **О.і. ҚР экономикасындағы ЕДБ несиелері,** млрд. теңге<br>Долларлық баламада**,** млрд. АҚШ доллары<br>**теңге:** өткен жылға, 2015 ж жыл басына, % | **2592,1**<br>19,391<br>174,6 | **7258,4**<br>59,228<br>154,7 |
| **20** | **ҚР экономикасын несиелердің коэффициенті, %** | **34,1** | **56,5** |
| **21**<br>**22** | **ҚҰБ қайта қаржыландыру мөлш. % деңгейі, %**<br>**ЕДБ берілген несиелер бойынша мөлш. % о/ж деңг., %** | **8,0**<br>**13,3** | **9,2**<br>**13,6** |

***Ескертпе:*** *- жұмыспен қамтылған халық саны, орташа айлық жалақы, ағымдағы жылғы теңге бағамы орташа жылдық деңгей бойынша көрсетілген. А.ж. ЖІӨ туралы, ЖІӨ-ге шаққандағы көрсеткіштер ҚР Үкіметінің 2015 жылға жасаған болжамына қарай көрсетіледі, мұнда ЖІӨ 41307,6 млрд теңге (223,3 млрд. $) көлемінде анықталған; -* жарияланған стат. мәліметтер жоқ немесе шамаланған мәліметтер.*
***№№ 8.2-8.4 жолдардағы теңгенің бағамы ҚР-ның негізгі сауда әріптестерінің валюталарына 10.12.2015 жылғы мәліметтерімен көрсетілген. Тұтыну бағаларының индексі және инфляция деңгейі ағымдағы жылдың 11 айындағы мәліметтерімен көрсетілген.*
***Дереккөздер:*** *ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің статистикалық жинақтары, Қазақстан Ұлттық банкінің 2005-2015 жж. Статистикалық бюллетеньдері.*

| **2009ж.** | **2010ж.** | **2013ж.** | **2014ж.** | **01-03 2015ж.** | **01-06 2015ж.** | **01-09. 2015ж.** | **01-10. 2015ж.** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **7644,0**<br>51,823<br>104,3 | **7591,6**<br>51,554<br>***99,3*** | **11291,5**<br>74,223<br>113,4 | **12106,1**<br>67,560<br>107,2 | **12045,4**<br>65,237<br>99,5 | **10711,5**<br>57,666<br>88,1 | **11834,1**<br>60,511<br>97,8 | **11964,4**<br>50,791<br>98,8 |
| **44,9** | **34,8** | **32,0** | **31,0** | **29,2** | **25,9** | **28,6** | **29,0** |
| **7,5**<br>**14,5** | **7,0**<br>**12,9** | **5,5**<br>**12,1** | **5,5**<br>**11,7** | **5,5**<br>**15,7** | **5,5**<br>**13,6** | **5,5**<br>**14,1** | **5,5**<br>**14,3** |

**Анықтама 2**

Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы жария ету мәселесіне, оның ішінде шетелде орналасқан активтерді жария ету мәселесіне айрықша көңіл бөлді.

*Мүлікті жария ету ретінде табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі түсініледі. Аталмыш науқанға қатысу құқығы бар тұлғаларға мүлкін Заңда белгіленген тәртіппен жария ететін Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар жатады. Жария ету туралы заңмен жария етілетін, және керісінше жария етілмейтін мүліктің толық ұғымы белгіленген.*

*Жария ету үдерісінің құқықтық базасы 2014 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» заң болып табылады, ол 2014 жылдың 1 қыркүйегінде күшіне енді.*

2015 жылдың 13 қарашасында Елбасы мүлікті жария ету мәселелері бойынша заңға қол қойды, ол оны жүзеге асыру рәсімдеріндегі жаңа амалдарды анықтады. Жария ету мерзімдері 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылады.

Бұл үдеріс 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап кірістер мен шығыстарды жаппай мәлімдеуді енгізудің қарсаңында айрықша мәнге ие болып отыр. Оның үстіне, Қазақстанға қайтқан ақшалар отандық кәсіпорындарды дамыту үшін сәтті пайдаланыла алады. Президент тағы да бизнесті ақшаны елге қайтаруға және ауқымды жекешелендіруге қатысуға шақырды, бұл осы қаражатқа Қазақстан экономикасының игілігіне жұмыс істеп, иелеріне заңды табыс әкелуге мүмкіндік береді.

ҚР Қаржы министрі Б. Сұлтанов Жолдауда айтылған жаңашылдықтардың мәнін түсіндірді: «Ақшаны жария ету рәсімдері жеңілдетілді. Енді ақшаны екі тәсілмен заңдастыруға болады. Бірінші тәсіл: оларды банктік шоттар арқылы көрсету және оларды кез келген өзіндік қажеттіліктерге жұмсау, мысалы бизнеске салу, жылжымайтын мүлік сатып алу және т.б., және жай шешім алу. Мұның барлығы 10% алымсыз жасалатын болады. Екінші тәсіл: шетелде немесе қолма қол айналымда жүрген ақшаны оларды банк шоттарынан көрсетпей, өтініш беру нысанында жария ету. Алайда бұл ретте бюджетке 10% алым төленеді».

Мүлікті жария ету рәсімдері айтарлықтай жеңілдетілді. Енді Қазақстан аумағында орналасқан және тиісінше рәсімделген мүлікті заңдастыру үшін мемлекеттік кірістер органына сәйкес мәлімдеме мен ілеспе құжаттарды тапсыру жеткілікті. Бұл шетелдегі мүлікке де қатысты.

Мүлікті жария етумен байланысты кез келген деректер салықтық және банктік құпия болып табылады. Нәтижесінде, ешкімнің үшінші тұлғаларға жария ету туралы деректер таратуға құқығы жоқ, оның ішінде жария ету бойынша комисия қызметкерлері де, мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері, екінші деңгейдегі банк пен Қазпошта бөлімшелерінің қызметкерлері де бар. Ондай ақпаратты жариялағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мұнан басқа жария ету субъектілері құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар тарапынан жасалуы мүмкін заңсыз әрекеттерден қорғалған. Осылайша, қылмыстық істер қозғауға немесе ол бойынша дәлелдеме ретінде мүлікті және ақшаны жария ету дерегін пайдалануға тыйым салынады. Сонымен қатар жария етілген мүлік тәркілене алмайды.

Мүлік бойынша жария етудің орташа айлық қарқыны тұрақты және айына шамамен 21 млрд. теңгені құрайды, ал ақша бойынша қарқынның басылуы байқалады. Осылайша, егер айына орташа 5,8 млрд. теңге жария етілсе, соңғы жартыжылдықта бұл көрсеткіш 2,5 млрд. теңгені құрады. Ақша бойынша ең үлкен қарқын ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларында байқалды, ол кезде 55 млрд теңге немесе бүгінгі таңда жария етілген ақшаның жалпы сомасының 68% жария етілді.

Жария ету қарқыны бойынша көшбасшылар: Алматы қ., Алматы облысы және Астана қ. Жария ету қарқыны бойынша көш соңында Батыс Қазақстан облысы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары қалып отыр.

2015 жылдың 2 желтоқсанына дейін 425 млрд. теңге жария етілді, олардың ішінде 343 млрд. теңге (80%) Қазақстан аумағында орналасқан нысандар бойынша 673 млрд. теңгеден астам қаражатты жария етуге өтініш берілді.

**Ағымдағы күнгі жария ету (02.12.2015)**

| р/б | Жария ету нысандары | Саны | Сома, млн. теңге |
|---|---|---|---|
| 1. | Мүлікті жария етуге берілген өтініштер саны | | |
| | - Қазақстан Республикасының аумағында | 68 619 | 672 285,0 |
| | - Қазақстан Республикасы аумағынан тыс | 38 | 1 044,4 |
| | **БАРЛЫҒЫ** | **68 657** | **673 329,4** |
| | **ЗАҢДАСТЫРЫЛДЫ** | | |
| 2. | Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан нысандарды жария ету | | |
| | - жылжымайтын мүлік | 48 903 | 339 323,5 |
| | - заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестері | 11 | 1 298,6 |
| | - бағалы қағаздар | | 2 453,9 |
| 3. | Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жатқан нысандарды жария ету | | |
| | - жылжымайтын мүлік | 30 | 952,6 |
| | - заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестері | 3 | 3,7 |
| | - бағалы қағаздар | | 60,0 |
| 4. | Ақша | | 80 816,6 |
| | **БАРЛЫҒЫ** | | **424 908,9** |

***Дереккөз:*** **ҚР қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті**

**Анықтама 3**

Елбасы Жолдауында айтып өткендей: «Бюджет шығындарын жеңілдету үшін мемлекет-жекеменшік әріптестігі тетігін белсендірек қолдану қажет. Экономиканың басым салаларына жеке инвестицияларды ынталандыру бойынша қосымша шаралар қарастыру керек. Жеке инвесторларды жол, газ құбыры, ауруханалар, мектептер және басқа да нысандар құрылысына ғана емес, сонымен бірге, оларды қайта жаңғыртуға және техникалық қызмет көрсетуге тартудың да маңызы зор».

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік шын мәнісінде сәйкес шарттарда анықталатын тәуекелдерді, пайдаларды және шығындарды, құқықтар мен міндеттерді тепе-тең бөлу арқылы әдетте мемлекет жауапкершілігі саласына жататын салалардағы мемлекет пен жекеменшік сектордың өзара тиімді серіктестігін білдіреді.

МЖС Қазақстандағы түрлері

Қазақстанда институционалды және келісімішартты МЖС деп бөлінеді.

*Институционалды* МЖС – мемлекеттің және жекеменшік серіктестердің қайта құрылатын жобалық компанияның жарғылық капиталына бірлесе қатысуы.

*Келісімшартты* МЖС түрлі нысандарда жүзеге асырыла алады:

1. Мүлікті сенімгерлік басқару;
2. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау;
3. лизинг;
4. концессиялар;
5. технологияларды әзірлеуге, тәжірибелік үлгіні жасауға, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынаққа және ұсақ сериялы өндіріске шарттар;
6. өмірлік цикл келісімшарты;
7. сервистік келісімшарт.

«Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік туралы» Заңда тізбеленбеген басқа да МЖС түрлері салалық заңдармен және кодекстермен белгілене алады.

**Деңгейлері бойынша МЖС жобаларын республикалық және жергілікті деп ажыратады**.

**Ұйымдастыру тәсілі бойынша МЖС шарты:**

- жекеменшік серіктесті таңдау бойынша конкурс өткізу;
- тікелей келіссөздер (жеке бастама),
- МЖС нысанына жекеменшік серіктес құқығы қорытындысы бойынша жасалатын МЖС ажыратады.

**Мемлекеттік бюджеттен жасалатын төлемдер және мемлекеттік қолдау шаралары.**

**МЖС жобасы келесідей қаражаттардың салынуына саяды:**

1) жекеменшік серіктестің өзіндік қаражаты;
2) қарызға алынған қаражат;
3) Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген жағдайда мемлекеттен төленетін демеуқаржылар;
4) Инвестициялық шығындардың бір бөлігін өтеу;

5) Экономиканың сәйкес саласында әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын күтіп ұстауға және өмір сүруді қамтамасыз етуге кететін шығыстар көлемі шеңберінде пайдалану шығындарын өтеу;

6) мемлекет меншігіндегі нысанның басқаруын жүзеге асырғаны үшін сыйақы;

7) концессионер меншігіндегі нысанды пайдаланғаны үшін жалдау ақысы;

8) нысанның қолжетімділігі үшін төлем;

9) бірлесе қаржыландыру.

**Қазақстанда МЖС жобаларын жүзеге асырудың үлгілері:**

1. «Шар – Өскемен стансасы» жаңа теміржол желісін салу және пайдалануға беру- 24,4 млрд. теңге.
2. «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электр берілісі желілерін салу және пайдалануға беру - 19,9 млрд. теңге.
3. Ақтау халықаралық әуежайының жолаушылар терминалын салу және пайдалануға беру - 31 млн. АҚШ долл.

**Қазіргі таңда келесідей МЖС жобаларын жүзеге асыру жоспарлануда:**

1. Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы - 124 млрд. теңге.
2. Алматы қ. «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университет» РМҚК жанынан көпсалалы емханалық аурухана салу және пайдалануға беру -19,5 млрд. теңге.
3. Қызылорда қ. ауысымында 500 келушіні қабылдайтын емхана - 1,5 млрд. теңге.
4. «Шымкент қ. айналып өту» автомобиль жолын салу және пайдалануға беру - 12 млрд. теңге.
5. Шымкент қ. 1500 орындық түзету мекемесін салу және пайдалануға беру - 12,5 млрд. теңге.
6. Алматы қ. жеңіл рельсті көлік желілерін салу және пайдалануға беру - 58 млрд. теңге.
7. Петропавл қ. балабақшалар құрылысы – 1,17 млрд. теңге;
8. Қызылорда қ. 200 орындық жатақханасы бар 600 орындық колледж салу және пайдалануға беру - 1,9 млрд. теңге.
9. Қызылорда қ. «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайының жаңа жолаушылар терминалы - 7,75 млрд. теңге.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ – ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА«ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҺАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ» ЖОЛДАУЫ**

2015 жылдың 30 қарашасы

## ҰСЫНЫЛАТЫН ҒАЛАМТОР-РЕСУРСТАРДЫҢ ТІЗІМІ:

1. **http://www.akorda.kz**
2. **http://www.nurotan.kz**
3. **http://www.ru.government.kz**
4. **http://www.stat.kz**
5. **http://www.inform.kz**
6. **http://www.tengrinews.kz**
7. **http://www.kt.kz**
8. **http://www.kazpravda.kz**
9. **http://www.egemen.kz**
10. **http://www.bnews.kz**